

"Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 385 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 30 наурызда № 16705 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12599 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 14 қаңтарда жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген камералдық бақылау жүргізу қағидасы осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жана редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаменті (А.Т. Бектұрова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің

Камералдық бақылау жүргізу қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Камералдық бақылау жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағида) "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 14-бабының 9) тармақшасына сәйкес әзірленді және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның камералдық бақылауды жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) камералдық бақылау - ақпараттық жүйелер деректерін, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектілерінің қызметі туралы басқа да мәліметтерді талдау және салыстырып тексеру негізінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектісіне (бұдан әрі – мемлекеттік аудит объектісі) бармай Комитет және оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асыратын бақылаудың өзге нысаны;

2) камералдық бақылау тәуекелдерінің бейіні (бұдан әрі – тәуекел бейіні) – мемлекеттік аудит объектілерінің қызметі туралы мәліметтерді талдау жолымен айқындалатын және белгілі бір бұзушылықтарды анықтау мақсатында әзірленетін деректерді таңдау талаптарының жиынтығы;

3) мемлекеттік сатып алу веб-порталы (бұдан әрі – веб портал) – мемлекеттік сатып алудың электрондық көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынатын мемлекеттік органның ақпараттық жүйесі;

4) тәуекел – Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасын сақтамаудың, мемлекеттік аудит объектісіне оқиғаның немесе іс-қимылдың тигізетін жағымсыз әсерінің ықтималдылығы, ол қаржылық бұзушылықтарға, бюджет қаражатының ұрлануына (ысырап болуына) әкеліп, мемлекетке экономикалық зиян шектіруі мүмкін, сондай-ақ бағдарламалық құжаттарда және мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларында қарастырылған нысаналы индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізбеу және толық көлемде орындамаудың ықтималдығы;

5) тәуекелдерді басқару жүйесі – тиісті жылға мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыруды және мемлекеттік аудитті жүргізуді, бар тәуекелдер жиынтығын жан-жақты талдауды, оларды біріздендіру мен бағалауды, ден қою шараларын әзірлеу және қабылдауды, қабылданған шаралар нәтижелерінің тиімділік мониторингін қоса алғанда, мемлекеттік аудиттің анағұрлым басым бағыттарына

ресурстарды таңдау, оңтайлы бөлу қағидаттарына негізделген мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының өзге де қызметін қамтамасыз ететін әкімшілік ету жүйесі;

3. Камералдық бақылау жүргізудің мақсаты бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және оларға жол бермеу, мемлекеттік аудит объектісіне камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды дербес жою құқығын беру және мемлекеттік аудит объектілеріне әкімшілік жүктемені төмендету болып табылады.

2-тарау. Камералдық бақылау жүргізу тәртібі

4. Камералдық бақылауды уәкілетті орган мемлекеттік аудит объектілерінің қызметі бойынша әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді салыстырып тексеру жолымен, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану нәтижелері бойынша Заңның 14-бабының 3-тармақшасы және "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 5-тармақшасы негізінде Заңның 30-бабында және осы Қағидада белгіленген тәртіпте мемлекеттік аудит объектісіне бармай-ақ, тұрақты негізде жүргізеді.

5. Камералдық бақылауды жүргізу барысында бұзушылықтарды анықтау осы Қағидаларға 1-қосымшада келтірілген Камералдық бақылаудың тәуекелдері бейіндерінің тізіліміне сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік сатып алуға және бұзушылықтарды жою тәсілдеріне камералдық бақылау элементтері осы Қағидаларға 2-қосымшаға келтірілген.

6. Мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойылғаннан кейін мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жүргізуге жол берілмейді.

7. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасалғаннан кейін бұзушылықтар анықталған кезде мемлекеттік аудит Заңның 18-бабының 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес немесе электрондық мемлекеттік аудит Заңның 17-бабының 6-тармағына сәйкес жүргізіледі.

Камералдық бақылаудың ден қою шаралары Заңның 30-бабының 4-тармағымен көзделген.

8. Камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда уәкілетті орган анықталған бұзушылықтар сипаттамасын қоса бере отырып, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны (бұдан әрі – хабарлама) ресімдейді және мемлекеттік аудит объектілеріне жібереді және автоматты түрде ве-порталда тіркейді.

9. Бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде хабарлама веб-портал арқылы мемлекеттік аудит объектісіне жіберіледі.

10. Мемлекеттік аудит объектісі хабарламаны ол ұсынылған (алынған) күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындайды.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды дербес жойған жағдайда хабарлама тексерілетін адамға тапсырылған күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылуға жатпайды.

11. Хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда оны жеткізген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит объектісі веб-портал арқылы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне (бұдан әрі – Комитет) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарламада көрсетілген бұзушылықтар бойынша наразылық жібереді.

Қажет болған кезде қарсылық дәлелдерін растайтын құжаттардың көшірмелері қарсылыққа қоса беріледі.

12. Комитет қарсылықты веб-портал арқылы алған күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды.

Мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан мәліметтералу қажет болған жағдайда қарсылықты қарау күнтізбелік отыз күннен артық емес мерзімге ұзартылады, ол туралы мемлекеттік аудит объектісіне қарау мерзім ұзартылған күннен бастап үш күнтізбелік күн ішінде хабарланады.

13. Хабарламаны орындау мерзімі қарсылықты қарау кезеңіне тоқтатыла тұрады.

14. Қарсылықтарды қарау нәтижелері бойынша Комитет мынадай:

1) қарсылық дәлелдері расталған жағдайда – қарсылықты қанағаттандыру туралы;

2) қарсылық дәлелдері ішінара расталған жағдайда – қарсылықты ішінара қанағаттандыру туралы;

3) қарсылық дәлелдері расталмаған жағдайда – қарсылықты қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Қарсылықты қарау нәтижелері бойынша шешім 5-қосымшаға сәйкес нысанда қарсылықты қарау нәтижелері бойынша қорытындымен ресімделеді.

Қарсылықты қарау нәтижелері бойынша қорытынды автоматты түрде тіркеледі және мемлекеттік аудит объектісіне веб-портал арқылы жіберіледі.

15. Осы Қағидалардың 14-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда хабарлама:

1) хабарламада көрсетілген барлық бұзушылықтар дауланған жағдайда күші жойылуға;

2) қарсылықпен дауланбаған хабарламада көрсетілген бұзушылықтарды жою бөлігінде орындауға жатады.

Осы Қағидалардың 14-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда хабарлама қарсылықтың расталмаған дәйектер бойынша бұзушылықтарды жою бөлігінде орындауға жатады.

Осы Қағидалардың 14-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайда хабарламаны мемлекеттік аудит объектісінің толық орындауына жатады.

Хабарламада ішінара қарсылық болған жағдайда хабарламаның дауланбайтын бұзушылықтары жойылуға жатады.

16. Хабарламада көрсетілген бұзушылықтарды жою тәсілдері осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген.

Хабарламаным орындау туралы ақпаратты (қажет болған кезде растайтын құжаттарды) мемлекеттік аудит объектісі осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес хабарламаны жіберген уәкілетті органға веб-портал арқылы ұсынады.

17. Хабарлама, қарсылықты қарау нәтижелері бойынша қорытынды мемлекеттік аудит объектісіне веб-портал арқылы жеткізілген сәттен бастап тапсырылды деп саналады.

18. Конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылау мынадай бағыттар бойынша жүргізіледі:

1) бірінші бағыт – конкурс (аукцион) жарияланған күннен бастап конкурстық құжаттаманы (аукциондық құжаттама) жобасын алдын ала талқылау кезеңінде ескертулерді қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін, не конкурстық құжаттаманың (аукциондық құжаттаманың) жобасына алдын ала талқылау жүзеге асырылмаған жағдайда, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру мәтіні орналастырылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде;

2) екінші бағыт – конкурстық құжаттама жобасын алдын ала талқылау хаттамасы веб-порталға орналастырылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде;

3) үшінші бағыт – веб-порталда алдын ала рұқсат хаттамасы орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күн ішінде;

4) төртінші бағыт – камералдық бақылау:

қорытынды хаттама орналастырылған күннен бастап мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалғанға дейін тәуекелдерді басқару жүйесі;

шағым келіп түскен күннен бастап он жұмыс күн ішінде "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабы 2- тармағында белгіленген мерзімде келіп түскен шағым негізінде жүргізілген жағдайда.

19. Алдыңғы бағыттар бойынша конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылау жүргізуге жол берілмейді, бұзушылықтар анықталған жағдайда Заңның 18-бабы 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік аудит немесе Заңның 17-бабы 6-тармағына сәйкес электрондық мемлекеттік аудит жүргізіледі .

20. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылау баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүргізілетін мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтер веб-порталға орналастырылған күннен бастап мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалғанға дейін жүргізіледі.

21. Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен және (немесе) тауар биржалары арқылы мемлекеттік сатып алуларды камералдық бақылау мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

22. Құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда мемлекеттік аудит объектісі хабарламаны Заңның 60-1-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімде ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган жанындағы Дауларды апелляциялық реттеу жөніндегі комиссияға шағымдануға құқылы.

23. Камералдық бақылау материалдары есеп және есепетілік жүргәізу мақсатында, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану үшін веб-порталда қорытындыланады.

24. Уәкілетті орган камералдық бақылау нәтижелерін мемлекеттік құпия және Қазақстан Республикасының заңымен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнаманың талаптарын қамтамасыз ету ескеріле отырып, уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етеді.

3-тарау. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашық мемлекеттік аудит объектілерінің кодтары мен шоттары, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру

25. Заңның 32-бабы 1-тармағына сәйкес хабарламаның белгіленген мерзімде орындалмауы мемлекеттік аудит объектілерінің бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған кодтары мен шоттары, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен тоқтата тұруға әкеп соғады.

Бұл ретте 32-баптың 1-тармағында көзделген ден қою шарасы бұзушылықты жою мүмкін болмаған жағдайда қолданылмайды.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған мемлекеттік аудит объектілерінің кодтары мен шоттары, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің банк шоттары (корреспонденттіктерді қоспағанда) бойынша шығыстық операцияларды тоқтата тұру Заңның 32-бабының 2-тармағында көзделген шығыс операцияларын қоспағанда мемлекеттік аудит объектілерінің барлық шығыс операцияларына қолданылады.

26. Комитеттің тиісті аумақтық бөлімшесі хабарламаның белгіленген мерзімде орындалмау фактілері туралы Комитетке Заңның 31-бабының 2-тармағында көрсетілген мерзім аяқталған күннен бастап бір жұмыс күн ішінде жазбаша хабарлайды

27. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған мемлекеттік аудит объектілерінің кодтары мен шоттары, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің банк шоттары (корреспонденттіктерді қоспағанда) бойынша шығыстық операцияларды тоқтата тұру туралы өкім хабарламаның белгіленген мерзімде орындалмау фактілері расталған жағдайда осы Қағидалардың 26-тармағымен көзделген хат алынған күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде қалыптастырылады.

28. Өкім "Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның мемлекеттік аудит объектілерінің бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған кодтары мен шоттары, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімінің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 596 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша енгізіледі (Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 12606 болып тіркелген).

29. Өкім бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органға, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктерге немесе ұйымдарға қағаз тасығышта немесе электрондық түрде оны қалыптастыру күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде ақпараттық коммуникациялық желі бойынша беру арқылы жіберіледі.

Өкім мынадай мәліметтерді: реттік нөмірі, өкімнің нөмірі, өкімнің күні, өкімнің мәртебесі, жөнелту тәсілі, жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) мемлекеттік аудит объектісінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), мемлекеттік аудит объектісінің атауы, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктің немесе ұйымның атуы, қабылдамау/бас тарту себебі, қабылдамау/бас тарту күні, қабылдамау себебі, қабылдамау нөмірі, қабылдамау күні, қабылдамау мәртебесін қамтитын өкімдер тіркеу журналында міндетті түрде тіркелуі тиіс.

30. Өкім бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктердің немесе ұйымдардың сөзсіз орындауына жатады.

31. Өкім бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған кодтары мен шоттары, сондай-ақ банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру себептерін жою күнінен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктерге немесе ұйымдарға Өкімнің күшін жою туралы құжатты жіберу жолымен Комитет күшін жояды.

Өкімнің күшін жою туралы құжат: ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның атауы және БСН, мемлекеттік аудит объектісінің атауы және ЖСН/БСН, өкімнің нөмірі және күні, шығыс операцияларын қайта бастауға қажетті мемлекеттік

аудит объектісінің коды мен шоттарының нөмірі, Комитеттің төрағасының не оны ауыстыратын тұлғаның, Комитеттің елтаңбалы мөрімен куәландырылған қолтаңбасы.

32. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған мемлекеттік аудит объектілерінің кодтары мен шоттары, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің банк шоты жабылған жағдайда бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банк немесе ұйым уәкілетті органға өкімді қайтарады.

Камералдық бақылау
жүргізу қағидаларына
1-қосымша

Камералдық бақылау тәуекелдері бейіндерінің тізбесі

№ р/ с	Камералдық бақылаудың тәуекел бейіндерінің атауы	Камералдық бақылаудың тәуекелдер бейіндер деректерін таңдау шарттары	Камералдық бақылаудың тәуекелдер бейіндерінің бұзушылықтары
1.	Ұйымдастырушының/тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамада (аукциондық құжаттамада) мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасымен көзделмеген біліктілік талаптары мен шарттарын белгілеуі	1. Конкурс (аукцион) тәсілімен жарияланған мемлекеттік сатып алулар. 2. Мемлекеттік сатып алудың мәні тауарлар, жұмыстар, қызметтер болып табылады. 3. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру Қағидалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының (бұдан әрі – Заң) 9 және 21 баптарына қайшы Ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) конкурстық құжаттамада (аукциондық құжаттамада) біліктілік талаптары мен шарттарды көрсетуі.	Ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) конкурстық құжаттамада (аукциондық құжаттамада) келесі біліктілік талаптары мен шарттарын көрсетуі: 1) әлеуетті өнім берушілердің мемлекеттік сатып алуларға қатысуын шектейтін және негізсіз күрделендіретін; 2) тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алулар туралы келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау қажеттілігінен тікелей туындамайтын; 3) әлеуетті өнім берушілер санының шектелуіне әкеліп соғатын, оның ішінде - әлеуеттік өнім берушілерге қандай болмасын санмен өлшенбейтін және (немесе) әкімшілендірілмейтін талаптар белгілеу; - тауарлық белгілер, қызмет көрсету белгілері, фирмалық атаулары, патенттері, пайдалы модельдері, өнеркәсіп үлгілері, тауардың шығу орнының атауы және өндірушінің атауы, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, қызметтің жеке әлеуетті өнім

			берушіге тиесілігін анықтайтын өзге де сипаттамаларды көрсету; - мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру принциптерін бұзу. Заңның 9 және 21 баптарын, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру принциптерін бұзу.
2	Конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау нәтижесі бойынша конкурстық құжаттамаға (аукциондық құжаттамаға) тиісті ескертулер бола тұра, Ұйымдастырушының, тапсырыс берушінің Заң бұзушылықпен конкурстық құжаттаманы бекітуі	1. Конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасын қалыптастырылған, конкурс (аукцион) тәсілімен өткізілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алулар. 2. Конкурстық құжаттаманың (аукциондық құжаттаманың) жобасын алдын ала талқылау хаттамасында ескертулер болған. 3. Бекітілген конкурстық құжаттамада (аукциондық құжаттамада) мемлекеттік сатып алу заңнамасының бұзылғаны анықталған. Бұзушылықтар конкурстық құжаттаманың жобасын (аукциондық құжаттамасын) алдын ала талқылау хаттамасында көрсетілген.	Конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау нәтижесі бойынша конкурстық құжаттамаға (аукциондық құжаттамаға) тиісті ескертулер бола тұра, ұйымдастырушы, тапсырыс беруші Заң бұзушылықпен конкурстық құжаттаманы бекіткен. Заңның 22 бабы 2 тармағының талаптарын бұза отырып, шешімдерді қабылдамау немесе қабылдау.
3.	Басқа әлеуетті өнім берушілер арасында тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ("Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабының талаптарын бұза отырып)	1. Мемлекеттік сатып алудың мәні тауарлар, жұмыстар, қызметтер болып табылады. 2. Заңның 51-бабының талаптарын сақтамай, басқа әлеуетті өнім берушілер арасында мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру	Ұйымдастырушымен/ тапсырыс берушімен басқа әлеуетті өнім берушілер арасында тауарлар, жұмыстар, қызметтердің жекелеген түрлерін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, сондай-ақ Заңның 51-бабының басқа да талаптарын сақтамау
4	Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру барысында лоттарға бөлмеу	1. Конкурс (аукцион) тәсілімен жарияланған мемлекеттік сатып алулар. 2. Заңның 20-бабында көзделген жағдайларда тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру барысында лоттарға бөлмеу.	Ұйымдастырушылар, тапсырыс берушілер Заңның 20 бабының талаптарын сақтамай, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру барысында лоттарға бөлмеген.
			Конкурстық комиссияның (аукциондық комиссияның) Заңның 10, 27 және

5	Әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін заңсыз конкурстан шеттету	1. Қорытындылар туралы хаттама қалыптастырылған конкурс (аукцион) тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алулар. 2. Қорытындылар туралы хаттамаға сәйкес әлеуетті өнім берушілердің (өнім беруші) конкурстық өтінімдерін (аукциондық өтінімдер) біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың (аукциондық құжаттаманың) талаптарына сәйкес немесе сәйкес емес деп тану туралы комиссия шешімі.	33 баптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 150 және 344-тармақтарын Қағидаларға 4-қосымшаның 41-тармағын бұза отырып, әлеуетті өнім берушінің (өнім берушінің) конкурсқа қатысуға өтінімдерін қабылдамауы
6.	Әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімін (аукциондық өтінімін) заңсыз жіберу	1. Қорытындылар туралы хаттама рәсімделген конкурс (аукцион) тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алулар. 2. Қорытындылар туралы хаттамаға сәйкес әлеуетті өнім берушілердің (өнім беруші) конкурстық өтінімдерін (аукциондық өтінімдерін) біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың (аукциондық құжаттаманың) талаптарына сәйкес деп тану туралы комиссия шешімі.	Конкурстық комиссияның (аукциондық комиссияның) Заңның 10, 27 және 33 баптарын, сондай-ақ Қағидалардың 150 және 344-тармақтарын және Қағидаларға 4-қосымшаның 41-тармағын бұза отырып, әлеуетті өнім берушінің (өнім берушінің) конкурсқа қатысуға өтінімдеріне рұқсат беруі.
7	Шартты жеңілдіктерді заңсыз қолдану немесе қолданбау	1. Қорытындылар туралы хаттама қалыптастырылған конкурс (аукцион) тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алулар, бұл ретте олар өткізілген болып танылса. 2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес конкурстық комиссияның өнім берушінің конкурстық баға ұсынысына өлшем шарттардың салыстырмалы мәнін қолдануының негізділігі немесе қолданбауы.	Конкурстық комиссияның Заңның 21 бабының, сондай-ақ Қағиданың 153-166 тармақтарының талаптарын сақтамай, әлеуетті өнім берушіге шартты жеңілдіктерді заңсыз қолдануы немесе қолданбауы.
		Алдын ала рұқсат беру хаттамасы қалыптастырылған конкурс (аукцион) тәсілімен өткізілген тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алулар. Қалыптастырылған және жарияланған алдын ала рұқсат	Алдын ала рұқсат беру хаттамасында мыналар болмайды: өтінімдерді қайтарудың

8.	Алдын ала рұқсат беру хаттамасында конкурстық өтінімдерді қайтарудың нақты себептерін көрсетпеу	беру хаттамасында мыналар б о л м а й д ы : әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін қайтару себептерін нақты бейнелей отырып , оның ішінде олардың біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың (аукциондық құжаттаманың) талаптарына сәйкес еместігін растайтын мәліметтер мен құжаттарды көрсете отырып, біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың (аукциондық құжаттаманың) талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілердің тізбесі; әлеуетті өнім берушіге веб-портал арқылы біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың (аукциондық құжаттаманың) талаптарына сәйкес келтірілуі және ұсынылуы қажет құжаттар тізбесі.	себептерін нақты бейнелей отырып, оның ішінде олардың біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың (аукциондық құжаттаманың) талаптарына сәйкес еместігін растайтын мәліметтер мен құжаттарды көрсете отырып; әлеуетті өнім берушіге веб-портал арқылы біліктілік талаптарына және конкурстық/ аукциондық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтірілуі және ұсынылуы қажет құжаттар тізбесі, Заңның 27 және 33 баптары, сондай-ақ Қағидалардың 128, 326 тармақтары бұзылған.
9.	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі он бес күнтізбелік күннен аз, сондай-ақ, тауарды беруге, оның ішінде оны дайындауға (өндіруге), жеткізуге, қызметтерді көрсетуге жұмсалатын мерзімнен аз.	Заңның 13-бабының 1-тармағымен көзделген тәсілмен өткізілген тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып а л у л а р . Тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің ең аз мерзімі он бес күнтізбелік күннен аз болып анықталған, оның ішінде оны дайындауға (өндіруге), жеткізуге, қызметтерді көрсетуге жұмсалатын мерзімнен аз.	Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алулар Заңның 43-бабының 22-тармағын бұза отырып өткізілген.
10	Ұйымдастырылуы және өткізілуі мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысымен жүзеге асырылуы тиіс мемлекеттік сатып алулар	Бюджеттік бағдарламалар тізбесіне кіретін тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді және (немесе) уәкілетті органмен белгіленген тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу Заңның 8-бабының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2 0 1 5 ж ы л ғы 21 желтоқсандағы №669 бұйрығының талаптарын бұза отырып өткізілген.	Бюджеттік бағдарламалар тізбесіне кіретін тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді және (немесе) уәкілетті орган анықтаған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу Заңның 8-бабының талаптарын бұза отырып өткізілген.
	Рұқсат алуды немесе хабарлама жолдауды қажет ететін баға	Баға ұсынысын сұрату тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып а л у л а р . Ұйымдастырушыға (тапсырыс берушіге) қажет тауарларды	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеткерілуі рұқсат алу немесе ескерту құжаттарын жолдау

11	ұсынысын сұрату тәсілімен өткізілген тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алулар	жеткеру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рұқсат немесе ескерту құжаттары талап етіледі. Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер сипаттамасында рұқсат немесе ескерту құжаттарын ұсыну туралы талап көзделген.	талап етілетін баға ұсынысын сұрату тәсілімен өткізілген тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алулар ұйымдастырушымен Заңның 37-бабының 4-тармағын бұза отырып жүзеге асырылған.
12	Баға ұсынысын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуы бойынша ақпаратты орналастыру тәртібін және мерзімдерін бұзу	Баға ұсынысын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуларда веб порталда орналастырылған ақпарат толық емес және / немесе Заңының 38 бабы 1 тармағымен қарастырылған мерзімдері бұзылған	Баға ұсынысын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуларда Заңының 38 бабы 1 тармағымен қарастырылған мерзімдері және тәртібі бұзылған
13	Баға ұсынысын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуларды өткізу кезінде лоттарға бөлінбеуі.	Баға ұсынысын сұрату тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алулар . Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру кезінде Заңның 37-бабымен көзделген жағдайларда лоттарға бөлінбеуі.	Ұйымдастырушымен (тапсырыс берушімен) тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді баға ұсынысын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру кезінде Заңның 37-бабын бұза отырып лоттарға бөлінбеуі.
14	Баға ұсынысын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуларды өткізу кезінде техникалық спецификациясында тауарлық белгілер, пайдалы модельдер және басқа сипаттамалары көрсетіледі.	Баға ұсынысын сұрату тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алулар . Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер сипаттамасында тауарлық белгілер , қызмет көрсету белгілері, фирмалық атаулары, патенттері, пайдалы модельдері, өнеркәсіп үлгілері, тауардың шығу орнының атауы және өндірушінің атауы, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, қызметтің жеке әлеуетті өнім берушіге тиесілігін анықтайтын өзге де сипаттамалары көрсетіледі.	Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер сипаттамасында Заңның 38-бабының 2-тармағын бұза отырып, тауарлық белгілер, қызмет көрсету белгілері, фирмалық атаулары, патенттері, пайдалы модельдері, өнеркәсіп үлгілері, тауардың шығу орнының атауы және өндірушінің атауы, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, қызметтің жеке әлеуетті өнім берушіге тиесілігін анықтайтын өзге де сипаттамалары көрсетілген.
15	Мемлекеттік сатып алудың тәсілі – мемлекеттік сатып алулар туралы келісім-шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілін заңсыз қолдану	Мемлекеттік сатып алулар туралы келісім-шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен өткізілген тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алулар. Бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алулар туралы келісім-шартты тікелей жасасу	Мемлекеттік сатып алулар туралы келісім-шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілін заңсыз таңдау және тапсырыс берушілердің мемлекеттік сатып алулар туралы

		үшін негіз Заңның 39-бабының 3-тармағының талаптарына сәйкес келмейді.	келісім-шартты Заңның 39-бабының 3-тармағын бұза отырып заңсыз жасасуы.
16	Биржалық тауарлар тізбесіне кіретін тауарларды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың тәсілін заңсыз таңдау	Тауарлық биржалар арқылы тәсілмен өткізілген мемлекеттік сатып алулар. Биржалық тауарлар тізбесінде сатып алынатын тауарлардың болуы.	Биржалық тауарлар тізбесіне кіретін тауарларды мемлекеттік сатып алулар Заңның 42-бабын бұза отырып жүзеге асырылған.
17	Әлеуетті өнім берушілерге өз өтінімдерін сәйкестендіруге құқық бермейтін негіздер бойынша олардың өтінімдерін заңсыз қайтару	Алдын ала рұқсат беру хаттамасы қалыптастырылған конкурс (аукцион) тәсілімен өткізілген тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алулар. Алдын ала рұқсат беру хаттамасына сәйкес конкурстық комиссия өтінімдерді сәйкестендіруге құқық бермей әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімін (аукциондық өтінімін) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтіні туралы шешім қабылдаған.	Конкурстық комиссия (аукциондық комиссия) әлеуетті өнім берушінің конкурсқа (аукционға) қатысуға өтінімін Заңның 27 және 33 баптарын, сондай-ақ Қағидалардың 137 және 333 тармақтарын бұза отырып кері қайтарған.
18	Ұйымдастырушының техникалық спецификация орнына жабдықтардың (механизмдер, машиналар) және еңбек ресурстарының негізгі түрлерінің тізбесі болған кезде талқылау қорытындысы бойынша конкурстық құжаттаманы (аукциондық құжаттаманы) өзгерту жағдайларында конкурстық құжаттамада (аукциондық құжаттамада) мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада көзделмеген біліктілік	Конкурстық құжаттама (аукциондық құжаттама) жобасын алдын ала талқылау хаттамасы рәсімделген конкурс (аукцион) тәсілімен өткізілген тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алулар. Алдын ала талқылау хаттамасына сәйкес конкурстық құжаттама (аукциондық құжаттама) жобасына ескертулер бар. Ұйымдастырушымен (тапсырыс берушімен) конкурстық құжаттамада (аукциондық құжаттамада) Заңның 9 және 21 баптарын, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың (аукциондық құжаттаманың) жобасына	Ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) конкурстық құжаттамада (аукциондық құжаттамада) келесі біліктілік талаптары мен шарттарын көрсетуі: әлеуетті өнім берушілердің мемлекеттік сатып алуларға қатысуын шектейтін және негізсіз күрделендіретін; 2) тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алулар туралы келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау қажеттілігінен тікелей туындамайтын; 3) әлеуетті өнім берушілер санының шектелуіне әкеліп соғатын, оның ішінде - әлеуеттік өнім берушілерге қандай болмасын санмен өлшенбейтін және (немесе) әкімшілендірілмейтін талаптар белгілеу; - тауарлық белгілер, қызмет көрсету белгілері, фирмалық атаулары, патенттері, пайдалы

	талаптары мен шарттарын белгілеуі	өзгерістер мен толықтырулар енгізу қорытындысы бойынша мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру принциптерін бұза отырып біліктілік талаптары мен шарттарын көрсетуі.	модельдері, өнеркәсіп үлгілері, тауардың шығу орнының атауы және өндірушінің атауы, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, қызметтің жеке әлеуетті өнім берушіге тиесілігін анықтайтын өзге де сипаттамаларды көрсету; 4) Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру принциптерін бұзу. Заңның 9 және 21 баптарын, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру принциптерін бұзу.
19	Баға ұсынысын сұрату тәсілімен жылдық көлемі құндық түрде республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржылық жылға белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселік мөлшерінен асатын біркелкі тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу	Баға ұсынысын сұрату тәсілімен өткізілген тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алулар. Сатып алу сомасы айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселік мөлшерінен асады.	Баға ұсынысын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алулар Заңның 37-бабының 1-тармағын бұза отырып жүзеге асырылған.

Камералдық бақылау
жүргізу қағидаларына
2-қосымша

Мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылаудың элементтері және бұзушылықтарды жою тәсілдері

Камералдық бақылаудың бағыттар	ТБЖ критерийлері үшін деректерді іріктеу	Камералдық бақылаудың тәуекел бейіндері	Бұзушылықтарды дербес жою тәсілдері
			1-нұсқа. Конкурстық құжаттамаға (аукциондық құжаттамаға) өзгерістер енгізу*
		№ 1-бейін – Ұйымдастырушының/ тапсырыс берушінің конкурстық/ аукциондық құжаттамада мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасымен көзделмеген біліктілік талаптары мен шарттарын орнату	2-нұсқа. Егер конкурстық құжаттаманың жобасы алдын ала талқылануы жүзеге асырылмаған жағдайда ұйымдастырушының (тапсырыс беруші) тиісті шешімінің күшін жою*

Бірінші бағыт	Конкурс/аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алулар	№ 3-бейін – Басқа әлеуетті өнім берушілер арасында тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерінің мемлекеттік сатып алуын жүзеге асыру ("Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңның 51 бабын талаптарын бұзатырып)	ұйымдастырушының (тапсырыс беруші) тиісті шешімінің күшін жою*
		№ 4-бейін – Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде лоттарға бөлмеу	ұйымдастырушының (тапсырыс беруші) тиісті шешімінің күшін жою*
		№ 9-бейін – Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсетудің мерзімі он бес күнтізбелік күннен кем	ұйымдастырушының (тапсырыс беруші) тиісті шешімінің күшін жою*
		№ 10-бейін – Мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысымен жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу	ұйымдастырушының (тапсырыс беруші) тиісті шешімінің күшін жою*
Екінші бағыт	Конкурс/аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алулар	№ 18-бейін – Талқылау қорытындылары бойынша конкурстық құжаттамаға (аукциондық құжаттамаға) өзгерту немесе техникалық ерекшелікте ЖСҚ (жабдықтардың негізгі түрлері (механизмдер, машиналар) және еңбек ресурстары) қамтылған жағдайда ұйымдастырушымен/тапсырыс берушімен конкурстық/аукциондық құжаттамада мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасымен көзделмеген талаптар мен шарттар белгілеу	ұйымдастырушының (тапсырыс беруші) тиісті шешімінің күшін жою*
		№ 2-бейін – конкурстық/аукциондық құжаттаманың жобасына алдын ала талқылау хаттамасында тиісті ескертулердің бола тұра тапсырыс берушімен конкурстық/аукциондық құжаттаманы бұзушылықпен бекіту	ұйымдастырушының (тапсырыс беруші) тиісті шешімінің күшін жою*
Үшінші бағыт	бес миллион теңге сомадан жоғары конкурс/аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алулар және (немесе) ол бойынша ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті	№ 8-бейін – Алдын ала рұқсат беру хаттамасында конкурстық/аукциондық өтінімдерді қабылдамау себептерін көрсетпеу	1-нұсқа. Алдын ала жіберу хаттамасын хабарламамен сәйкестікке келтіру 2-нұсқа. Егер ұйымдастырушымен қорытынды туралы хаттама рәсімделсе, ұйымдастырушының (тапсырыс беруші) тиісті шешімінің күшін жою*
			1-нұсқа. Алдын ала жіберу хаттамасын

	органға шағымдар түскен мемлекеттік сатып алу	№ 17-бейін – Әлеуетті өнім берушінің өтінімдері олардың өтінімдерін сәйкестікке келтіру құқығы бермеу негізі бойынша заңсыз қабылдамау	хабарламамен сәйкестікке келтіру* 2-нұсқа. Егер ұйымдастырушымен қорытынды туралы хаттама рәсімделсе, ұйымдастырушының (тапсырыс беруші) тиісті шешімінің күшін жою*
Төртінші бағыт	Бір әлеуетті өнім берушіден көп қатысқан, олардың соммасы елу миллион теңгеден жоғары, олардың қорытындысымен бір әлеуетті өнім беруші жіберілген және (немесе) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңның 47 бабы 2 тармағына сәйкес мерзімінде шағым түскен мемлекеттік сатып алулар.	№ 5-бейін – Әлеуетті өнім берушінің өтінімін заңсыз қабылдамау	Қорытынды туралы хаттаманы хабарламамен сәйкестікке келтіру*
		№ 6-бейін – Әлеуетті өнім берушіге конкурсқа қатысуға заңсыз жол беру	Қорытынды туралы хаттаманы хабарламамен сәйкестікке келтіру*
		№ 7 бейін – Шартты жеңілдіктерді қолданбау немесе заңсыз қолдану	Қорытынды туралы хаттаманы хабарламамен сәйкестікке келтіру*
	Сомасы екі миллион теңгеден жоғары баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алулар;	№ 3-бейін – басқа әлеуетті өнім берушілер арасында тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерінің мемлекеттік сатып алуын жүзеге асыру ("Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңның 51 бабын талаптарын бұзатырып)	ұйымдастырушының (тапсырыс беруші) тиісті шешімінің күшін жою*
		№ 9-бейін – Тауарларды жеткізу мерзімі он бес күнтізбелік күннен кем	ұйымдастырушының (тапсырыс беруші) тиісті шешімінің күшін жою*
		№ 11-бейін – баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша рұқсат алу немесе хабарлама жіберу талап етілетін мемлекеттік сатып алу	ұйымдастырушының (тапсырыс беруші) тиісті шешімінің күшін жою*
		№ 12-бейін – Баға ұсынысын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуы бойынша ақпаратты орналастыру тәртібін және мерзімдерін бұзу	ұйымдастырушының (тапсырыс беруші) тиісті шешімінің күшін жою*
		№ 13-бейін – баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүргізуде лоттарға бөлмеу	ұйымдастырушының (тапсырыс беруші) тиісті шешімінің күшін жою*
		№ 14-бейін – техникалық ерекшелігінде тауар белгілеріне, пайдалы модельдерге және өзге де сипаттамалар көрсетіледі	ұйымдастырушының (тапсырыс беруші) тиісті шешімінің күшін жою*

		№ 19-бейін – құндық көрсеткішіндегі жылдық көлемі Республикалық бюджет туралы заңымен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың есе мөлшерінен асатын біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу	ұйымдастырушының (тапсырыс беруші) тиісті шешімінің күшін жою*
	Егер жоспарланған мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алулар және тауар биржалары арқылы тауарларды мемлекеттік сатып алуларда келісі шарттар болған жағдайда (жеке-жеке): 1) мемлекеттік сатып алудың сомасы бес миллионнан жоғары; 2) мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында атаулары біреуден көп және сатып алынатын тауарлардың, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің Бірыңғай номенклатуралық кодтары бірдей; 3) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының 39 бабы 3 тармағы 42) тармақшасында қаралған негіздер бойынша өткізілетін мемлекеттік сатып алулар, және (немесе) ол бойынша ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға шағымдар түскен мемлекеттік сатып алу	№ 15-бейін – Тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу – мемлекеттік сатып алудың тәсілін заңсыз қолдану	Хабарламамен сәйкестікке келтіре отырып, мемлекеттік сатып алу жылдық жоспарына өзгерістер енгізу
		№ 16-бейін – биржалық тауарлар тізбесіне кірмейтін тауарларды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда, тәсілді заңсыз таңдау	Хабарламамен сәйкестікке келтіре отырып, мемлекеттік сатып алу жылдық жоспарына өзгерістер енгізу

Ескерту:

Егер хабарламаны тапсырғаннан кейін мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайда, осындай шартты бұзу жолымен бұзушылықтар жойылады (қорытындының күші жойылумен).

Камералдық бақылау
жүргізу қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама

20__ жылғы

"__" _____ № _____

— (ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның атауы)

2015 жылы 4 желтоқсандағы "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 30-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес

20__ жылғы "__" _____ анықталған бұзушылықтарды

(мемлекеттік аудит объектісінің атауы, орналасқан жері, бизнес- сәйкестендіру нөмірі)

хабардар етеді.

Заңның 31-бабы 2-тармағына сәйкес Сізге осы камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны (бұдан әрі – хабарлама) берген күннен (алғаннан) кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындау қажет.

Қарсылықты қарау нәтижелерін ескере отырып, хабарламадағы көрсетілген бұзушылықтар жойылған жағдайда, хабарлама орындалды болып есептеледі.

Мемлекеттік аудит объектісі бұзушылықтарды жою туралы мәліметті, веб-портал арқылы камералдық бақылау жүргізу қағидаларының (бұдан әрі – Қағида) 6-қосымшасына сәйкес хабарламаны ұсынған уәкілетті органға жолдайды.

Қағиданың 11 тармағына сәйкес, егер мемлекеттік аудит объектісі хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, хабарлама веб-портал арқылы жеткізілген (алған) күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес уәкілетті органға қарсылық жіберуге құқылы.

Егер қажет болған жағдайда қарсылыққа негіз ретінде растайтын құжаттардың көшірмелері қарсылыққа қоса беріледі.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны белгіленген мерзімде орындамау мемлекеттік аудит объектілерінің кодтары мен қазынашылық органдарда ашық шоттары бойынша, Заңның 32-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік аудит объектілерінің банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата т ұ р у ғ а , с о н д а й - а қ

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабы 3-бөлігіне сәйкес лауазымды тұлғаларды әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соғады.

Заңның 60-бабына сәйкес мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының және (немесе) олардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (

әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін. Анықталған бұзушылықтардың сипаттамасы бар қосымша ____ парақта.

Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

(қолы)

Камералдық бақылау
нәтижелері бойынша анықталған
бұзушылықтарды жою туралы
хабарламаға қосымша

Менімен, _____

(лауазымы, уәкілетті органның атауы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы
Заңының 30 бабына сәйкес,

(тәуекелдерді басқару жүйесі/шағымданушы туралы мәліметті көрсете отырып,
шағым)

негізінде, _____

(ақпараттық жүйенің атауы)

(бақылау түрі)

камералдық бақылау жүргізілді.

Камералдық бақылаудың нәтижесімен келесі бұзушылық (тар) анықталды:

1. _____

(бейіндерді көрсете отырып, Қазақстан Республикасы заңнамаларының бұзылған
нормаларының және анықталған бұзушылықтың сипаттамасы)

Жоғарыдағылардың негізінде, анықталған бұзушылықтар қағиданың 2-
қосымшасына сәйкес жойылуға жатады.

Камералдық бақылау
жүргізу қағидаларына
4-қосымша
Нысан

(ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның атауы)

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою
туралы хабарламада көрсетілген бұзушылықтарға қарсылық

Осымен

(мемлекеттік аудит объектісінің атауы, бизнес- сәйкестендіру нөмірі)

(хабарламада көрсетілген бұзушылық)

бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылық анықталған

(хабарламаны жіберген ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның атауы)

20__ жылғы _____ №__ хабарламасын қарап шығып, жоғарыда көрсетілген бұзушылықтармен мынадай негіздер бойынша келіспейтінін хабарлайды

(қарсылықты ұсынған өкілдің хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеу үшін негіз болып табылатын жағдаяттардың сиппатамасы)

(қоса берілген құжаттардың тізбесі)

Мемлекеттік аудит объектісінің басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) (қолы)

Камералдық бақылау
жүргізу қағидаларына
5-қосымша
Нысан

(ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның атауы)

Қарсылық қарастыру нәтижелері бойынша қорытынды

20__ ж. _____ №_____

(ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның атауы)

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015жылғы 30 қарашасындағы № 598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 12-тармағына сәйкес,

_____ бұзушылықтары анықталған

(хабарламаны жіберген ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның атауы)

20__ жылғы _____ №_____ хабарламасына

(мемлекеттік аудит объектісінің атауы, БСН)

20__ жылғы _____ № _____ қарсылығын қарап шығып, мынаны хабарлайды.

Осыған байланысты Комитетпен _____ шешім

(қарсылықты қанағаттандырады / қарсылықты ішінара қанағаттандырады/
қарсылықты қанағаттандырудан бас тарту)

қабылданды.

Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі
уәкілетті органның басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(қолы)

Камералдық бақылау
жүргізу қағидаларына
6-қосымша
Нысан

(ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның атауы)

Хабарламаны орындау туралы ақпарат

Осымен _____

(мемлекеттік аудит объектісінің атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

(хабарламада көрсетілген бұзушылық)

бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылық анықталған

(хабарламаны жіберген ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның атауы)

20__ жылғы _____ № _____ хабарламасын қарап шығып, жоғарыда
көрсетілген бұзушылықтармен келісетінін және қазіргі уақытта жойылғанын
хабарлайды.

(бұзушылықтардың жойылғаны туралы мәліметтер)

— (қоса берілген құжаттардың тізбесі)

Мемлекеттік аудит объектісінің басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК